

Ол өзі тектес бүгін бір шебер саңылақтар тобын тәрбиелеп, үйретіп, еңбектің даңғыл жолына түсірді. Алып құрылыстың қай қалтарысында болмасын екпінді еңбек етіп жүрген оның бұрынғы шәкірттерін кездестіруге болады" деп жазды А.Ә.Игенбаев "Қарағанды металлургия заводы" (Алматы. "Ғылым" баспасы. 1966 ж.) деген ертеректе жарық көрген еңбегінде.

Еліне елеулі, халқына қалаулы азамат Үкен Тұрмағамбетов 1973 жылы дүниеден өтті.



Үкен Тұрмағамбетов туралы әдебиеттер

Лұқпан, Е. Қаламыздың қабырғасын қалаған.../ Е. Лұқпан, А. Ақын // Теміртау.- 2005.- 31 наур.- 5 б.

Үкен Тұрмағамбетов // Қарағанды облысы: энциклопедия.– Алматы: Атамұра, 2006. - 517 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Байтөлеу И.Б.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsqb@mail.ru



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Үкен Тұрмағамбетов Жаднама


Теміртау, 2014

Үкен Тұрмағамбетов қазақ металлургия заводының ірге тасын қалаушы, атақты құрылысшы, шебер тас қалаушы.

Үкен Тұрмағамбетов 1901 жылы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай өңірінде дүниеге келген. 1928 жылы Балқаш төңірегіндегі ауылдарды ұжымдастыруға қатысқан. 1934-1943 жылдары Балқаш қаласының құрылысында қызмет атқарды. 1943 жылдан бастап Теміртау қаласында Қазақтың металлургия зауытының және Қарағанды металлургия комбинатының құрылысында еңбек етті. Құрылысқа стахановтық еңбек тәжірибесін енгізіп, күндік нормасын 18 нормадан асыра орындап отырды. «Қарапайым малшының баласы өзінің құрылысшылық еңбек жолын 1932 жылдан Балқаштың мыс қорыту зауыты мен оның рудалық базасы - Қоңырат руднигінің құрылысын салудан бастаған. 11 жылдан кейін жоғары маманды тас қалаушы жаңа құрылысқа - Қазақ металлургия зауытын салуға сұранды.

Осы жерде ол өзінің жұмысқа деген қабілетін барлық қырынан жарқыратып көрсете білді.

Үкен Тұрмағамбетов социалистік жарыстарда ешкімді шақ келтірмеген комсомол-жастар бригадасын басқарды. Құрылыс учаскесінің коммунистері оны партиялық топтың ұйымдастырушысы етіп сайлады.



Сонымен бірге ол жастардың алақаны аялы тәлімгері де бола білді, ондаған білікті тасқалаушыларды дайындады" деп жазады бүгінгі ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің 1985 жылы жарық көрген "Стальной профиль Казахстана" (Алматы. "Қазақстан" баспасы. 1985 ж.) атты еңбегінде.

(Н.А.Назарбаев. Стальной профиль Казахстана.– А. - А., 1985, 14 - 6.)

Құрылыс алаңында алғашқы бесжылдықтардың қиыншылықтары мен сұрапыл соғыс жылдарының ауыртпалықтарын арқалаған көптеген социалистік индустрия ардагерлері жастармен қоян-қолтық еңбек етеді. Озық еңбек әдістерінің нұсқаушысы Үкен Тұрмағамбетовтың есімі республика аумағынан тысқары жерлерде де көптен таныс. Балқаш таукен металлургия комбинаты, Қоңырат, ҚарГРЭС, Қазақ металлургия заводы, Қарағанды жасанды каучук заводы мінекей, осынау баршаға қадірменді ақсақалдың алақанының ізі қалған құрылыстардың тізбесі бұл. Қазақ ССР-ның Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа үш мәрте сайлау арқылы халық оның еңбегіне жоғары баға берді. Ол бірнеше мәрте Ленин ордендерімен және басқа да наградалармен марапатталды